

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

19 ғасырда әйел құқықын арқау еткен қазақ шығармалары

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/120669/>

Қазақ әдебиеті тарихында әйел бейнесіне көңіл бөлген шығармалар қолмен санарлық. 19 ғасырдың ойшыл жазушылары сұрапыл кезеңде өмір сүрген аналардың, қыз-келіншектердің рөлін, олардың басынан өткен қиыншылықтарын, мұңын жырлайды. Ендеше, бүгінгі топтамамызда әйел теңсіздігіне назар аударған қазақша туындылармен таныстырамыз.

1. Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал».

Ақылына көркі сай Жамал әкесінің күштеуімен, ойы таяз Жұманға аттастырылап қояды. Алайда Жамалдың Ғали деген көзі ашық жігітке көңілі бар. Жамалдың Ғали деген көзі ашық жігітке көңілі бар. Жамал өз өмірін қалағандай құру үшін ауыр шешім қабылдайды.

Бақытсыз Жамал-қазақ тілінде шыққан бірінші роман, автор осы шығармасы арқылы қазақ әдебиетінің басқа да романдарына жол ашты.

2. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу».

Жартылай өлеңмен, жартылай прозамен жарыққа шыққан шығарма. Бойжеткен Қамарға кәрі болыс Нұрым үйленбек болады. Оған тимеймін деген Қамардың өмірі қандай болмақ?

Романда қоғамдағы әлеуметтік күштердің әйелге күш қолдануы, тек қара басын ойлап, әйел тағдыры мен құқығын ескермеуі айқын сипатталады.

3. Сәбит Мұқанов «Ботакөз»

Басында «Жұмбақ жалау» деп аталған романда Ботагөздің «өзінен күшті» топтың айтқанына көнбей, құқығын қорғауға тырысқан жанқиярлығы суреттеледі.

Әсіресе «төмен етекті әйелсің» деген сөзге қарамай, сол кездегі саяси қайран қалдырады.

4.Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі»

Шұға-жаны нәзік, сезімі мөлдір, шынайы махаббатты қастер тұтатын жан.Әкесі Есімбек қызын кедей балаға бергісі келмей, екі жастың қосылмауына қолынан келгеннің бәрін жасайды.

Шұғаның белгісі жастардың теңдік, еркіндікті аңсап, әлеуметтік әділетсіздектерге ұарсы үн тастаған шығарма.

5.Мұхтар Әуезов «Қорғансыздың күні»//Оқиға желісінде кәрі әже, соқыр келіні мен 13 жастағы Ғазиза.Үшеуінің көрген азабы қалмады.Қонаққа келген екі жолаушының көзі кәмелет жасқатолмаған Ғазизаға түседі.Қорғансыз деп сипатталуы осында еді, Ғазизаны зорлап, намысын аяқ асты етеді.

Автор заман сипатын,баяғы және қазіргі кездегі Ғазиза секілді қорғансыз қыз келіншектердің сезімдерін,эмоцианалды жай-күйін керемет бейнелей алды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.